

## БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ЗАМАНАУИ ТҰРҒЫДА ОҚИТУ ӘДІСТЕРІНІҢ НЕГІЗГІ ҰСТАНЫМДАРЫ

Байғожанова М.Ә. 

Қазақ ұлттық өнер университеті, «Шабьт», ПЦК, Астана, Мәңгілік-Ел 39, пәтер 80  
\*e-mail: mo87-04@mail.ru

*Зерттеудің мақсаты, идеялары және негізгі бағыттары – еліміздегі өзекті мәселелердің бірі болып табылатын «сурет» өнерінің дамуы және бүгінгі күнгі тыныс-тіршілігі бағытында туындаған идеяларды пайдаланып, майлы бояуда сурет өнері бойынша «Ғажайып табиғат – Аруы», «Сырлас және мұңдас – екі әйел бейнесі» – тақырыптарына арналған туындылар жасаумен қатар, осы тақырыптар бойынша алынған туынды нәтижелерін тұжырымдау.*

*Зерттеудің ғылыми және практикалық маңыздылығы – өскелең жас суретшілерге сурет өнерінің даму тарихына тоқтала отырып, келешекпен қалай байланыстыруға болатындығы жөнінде мағлұматтар беріледі.*

*Зерттеу әдістемесі – мақалаға теориялық тұрғыда негіздеме беріліп, сурет салудың қыр-сырына, оны жастарға үйрету тәсілдері бойынша тұжырымдар жасалады.*

*Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен қорытындыларына керелер болсақ, жалпы біз екі тақырыпта салынған туындының толық бейнесі жасалды.*

*Жүргізілген зерттеудің мәні – суретшілер үшін әрбір туынды бұл өзінше бір жаңалық, осы жаңалықты шет елдерде, өз елімізде қйымдастырылатын көрмелерге қою арқылы жастарға жаңа идеялар береді, шығармашылықпен айналысуға мүмкіншілік тудыратындығы.*

*Зерттеудің практикалық маңызы – еліміздің мәдени жағынан өсіп-өркендеуіне үлес қосатын әлемдік деңгейде суретшілер дайындауға септігін тигізетін өз туындыларымызды ұсынуымыз.*

**Кілт сөздер:** сурет өнері, майлы бояу, графика, эскиз, орындау техникасы.

### Кіріспе

Тәуелсіздік алған 30-жылдың ішінде өткенімізбен бүгінгі күнді жалғастыруға көптеген күштерін салып, аз халық пен үлкен жерді мекенді қорғап қалып отырған халықтың өсіп өркендеуі үшін терін төккен ұлы өнер майталмандарын, бұрынғы ата-бабаларымыздың тұрмыс-тіршілігін қарындашпен, түрлі-түсті майлы бояу және акварельмен, графикалық кескіндеп, өрнектеп, қазіргі заманмен ұштастыруға себепкер болған суретшілеріміздің атқарған еңбектеріне тереңнен талдау жасап, бүгінгі өскелең ұрпаққа қаз-қалпында жеткізу – жаңа Қазақстанымыздың түп негізін қалау барысындағы өзекті мәселелердің біріне жатады. Өйткені, келешек, жастардың қолында болғандықтан, мұндай болуы заңды құбылыс болып табылады.

Заман талабына сай, мемлекетіміздің соңғы кезеңде, атап айтсақ, өткен жылдан бастап «Өнер және спорт» саласының қолға алынып, оның ішінде мектеп оқушыларының спортпен, шығармашылық өнермен айналысуына мол мүмкіндіктердің жасалуы, оған қомақты қаражаттардың бөлінуі мен жүзеге асырылуы, біздің зерттеу жұмысымыздың маңызды мәселелерді шешуге арналғандығының кепілі болып табылады.

Бүгінде, елімізде қандай да бір сала болмасын, оның ішінде білім және ғылым саласы бойынша да «шағын бизнес» саласының өркендеуі көңіл көншітерлік жағдайда бола алмауы өкінішті жағдай. Бұлай деуімізге себеп, былтырғы 2022-жылдан бастап мемлекетіміз тарапынан «DamuBala.kz» – порталында «DamuBala» - платформасы ашылып, онда «Балаларға арналған шығармашылық үйірмелер мен спорттық үйірмелер»

ұйымдастыру, елімізде білім саласы бойынша шағын бизнесті дамытуға ат салысу бойынша тапсырыстар жасалған болатын [1].

Аталған платформада – мыңдаған үйірмелер бар, оған бөлінген гранттарға өте қуаныштымыз, өйткені, әсіресе көп балалы, жартылай немесе толықтай ата-ананың қарауынсыз қалған балаларға қандай керемет мүмкіндіктер екені айтпаса да түсінікті. Мұнда ең бастысы бала қабфһылетіне байланғысты қалауын өзі таңдай алатындығы.

Білім және ғылым саласы бойынша елімізде бірнеше шағын мектептер ашылып, мұнда, балалардың грантпен білім алуына үкімет ақша төлеп, мектеп оқушыларын спорт және шығармашылық даму жағынан тегін оқытуға мүмкіндіктер берілді, мұнда бірнеше мектептер жақсы жетістіктерге қол жеткізгенімен, бірақ, өкінішке орай, оны барлық – шағын жекелей ашылған оқу орындары пайдалана алмай келеді. Оның негізгі себебі, DamuBala.kz - сайты бойынша оқушылардың тіркеліп, кезекке тұрып, ваучер ала алмауы, мемлекеттен дер кезінде қаражаттардың бөлінбеуі және т.б. Сөзіміз шындық екенін дәлелдеу үшін алысқа бармай-ақ өз көзіміз көріп, ішінде жүрген өзіміздің «Өнер art school» мектебіміздегі жағдайды алуымызға болады.

Мәлдір Әлібиқызы «Қазақ ұлттық өнер университетінің «сценография, сәндік өнер, кескіндеме және мүсін» ПЦК бөлімінде жұмыс жасайды. Сонымен қатар, өзіміздің «ӨNER art school» - жекелей мектебімізді 2018-жылы ашқан болатынбыз. Аталған мектебімізде осы бес жыл ішінде қаншама жас бүлдіршіндердің таланттарын ашып, халыққа қызмет етудеміз.

Сурет салуға қызығушы оқушыларды арнайы оқытытын сурет мектептеріне және Өнер академиясына оқуға түсуге дайындаймыз. Біздің мектепте суреттен білім алған балалардың сол аталған оқу орындарына түсіп оқып жатқандары да баршылық. Олардың кейбірі келіп консультациялар алып тұрады. Біз оған қуаныштымыз.

Біздің «Өнер art school» – өнер сурет мектебімізге былтыр көктемде бірнеше мамандықтарға, атап айтсақ: сурет, графика, домбыра, мүсін және керамика бойынша әрқайсысына жекелей орындар бөлінді, аталған мектебімізде сабақ оқып жүрген балаларымызда, олардың ата-аналарында және біздің қуанышымызда шек болмады, бірақ, өкініштісі орындар бөлінгенімен мемлекет тарапынан гранттық қаржыландыру болмады.

Биылға жылы міне, тағы да былтырғы тіркелген оқушыларға жаңадан тіркелудің, керектігін, кезектерінің жылжуына қараудың және ваучер алудың қажеттілігін айтып отыр. Соған қарағанда, бәрі кезекпен болу керек шығар.

Қаржыландыруға портал ашылды дегенмен, бірақ, оқушылардың ата-аналары сол грантпен оқу мүмкіндіктерге қол жеткізе алмай қиналуда. Мұның өзі, біздің елімізде «шағын бизнесті» көтеру мәселесін қолға алуды қатар, халқымыздың «компьютерлік сауаттылығын арттыру мен коммуникациялық жүйені» – де жетілдіре түсудің қажеттілігін көрсетіп отыр. Өйткені, қолданыстағы сайттарға, мысалы DamuBala.kz сайты бойынша жасалған бағдарламасын (программасын) оқушылардың ата-аналарына түсінікті және қолжетімді етіп жасап, оны ата-аналарға сайтпен жұмыс жасауды үйретіп, меңгерту шараларының да жүзеге асырылуын қадағалау керек. Көптеген ата-аналар сайтқа кіре алмай, кезектен соң ваучер алудың қалай жүзеге асырылатынын білу барысында, программа қайта-қайта қатып қалып (зависать етіліп), оқушыларды енгізуге және уақытында ваучер алуға қиындық туғызып жатыр. Программаға бірнеше рет кіріп отырып, әрең тіркелуде және ваучер алуда.

Ата-аналардың көпшілігі, тіркеу уақыты бойынша шектеу қойылғандықтан, сол уақыт мерзімінде тіркеліп, ваучер алып үлгере алмауда. Бұл жағдай Астана, Алматы, Шымкент сияқты мегаполистер үшін ба, әлде, бүкіл Қазақстан бойынша осылай жағдай болып жатырма? – білмедік, әйтеуір үлгеру қиын болуда. Дегенмен, дәл қазір, Астана қаласында мемлекеттік спорттық тапсырысты жүзеге асыру бойынша келесі мазмұндағы хабарландыру жасалып тұр.

«Жаңа Қазақстанда 2023-жылдың қорытындысы бойынша үнемделген қаражатты пайдалана отырып, балаларға арналған орындарды бөлу және оларға ваучерлер беру 2023 жылғы 28-қарашада сағат 18.00-де жүзеге асырылатын болады» -деп ескертілген [2].

Ендігі жерде бұл ақпаратқа да үлкен үміт артуға тиіспіз. Орын бөлініп басқа мектептерден балалар жазылып түсіп, келіп оқып жатыр. Өкініштісі, өзімізде, мектебіміз ашылғаннан бері келіп оқып жатқан оқушыларымыздың қол жеткізе алмауы болып отыр.

Ең қуаныштысы, жұмсалмай қалған қаражаттың жүзеге асырылуы дәл шешімін тапқан мәселе болды, өйткені, біздің осы уақытқа дейін ваучер ала алмай жүрген оқушыларымыздың көпшілігі тегін оқу мүмкіндігіне қол жеткізді. Сол себепті, осындай мемлекет тарапынан көтерілген халықтың мүддесін шешуге арналған бағдарламалар молынан қабылданып, оның өз мерзімінде жүзеге асырыла беруі, бүгінгі күнгі шешімін табуды қажет ететін өзекті мәселелер болып табылады.

Жоғарыда аталған мәселелерді шешу барысында, егер, грантта оқуды бүкіл қазақстандық мектептерге қолжетімді етуде, оны халық жоғары деңгейде қолдануға пайдалану бойынша сауаттылығын арттырса, онда мұндай іс-әрекеттердің жүзеге асырылуынан біздегі білім саласы бойынша «Жаңа Қазақстанда» шағын бизнестердің өсіп-өркендеуіне кең жол ашылар еді – деген *тұжырым жасауға* болады.

Ендігі жерде, осындай мәселелерді шешу барысында зерттеу жұмысымызды өткенімізбен байланыстыру үшін, әрине, сурет, бейнелеу өнерінің даму тарихына тоқталып өтуді жөн көрдік. Өйткені, жаңа өмірдің дамуының түп тамыры – өткен өмірде жатқандығы айдан анық!

### **Материалдар мен әдістер**

Қазақстанның сурет өнерінің өзіндік қалыптасуы, қазақ халқының көшпенділік мәдениеті мен тарихи кезеңдеріне тікелей байланысты.

Қазақ елінің алғашқы көне өнерінің бастау алуы палеолит және энеолит дәуірінен басталғандығын көруге болады. Атап айтар болсақ, алғашқы қауымдық құрылыс кезіндегі өнер бастамасына *саз балшықтан* жасалған ыдыстарды жатқызуға болады.

Қазақстандағы бейнелеу өнерінің келесі даму кезеңі – *қола* дәуірі болып табылады. Сол қола дәуірінде салынған суреттердің бейнесінің соңғы кезеңдегі бейнелерден ерекшелігін, олардың өзінің мифологиялық мазмұны мен сюжеті және пластикалық өрнегі жағынан ерекше салынған бейнелерін кешенді таңбалы тастардан байқауға болады. Атап айтсақ: *Тамғалы петроглифі, Бұғы тас, жоғары Ертіс алқабы, Орталық Қазақстан* ескерткіштері осыны айғақтайды. Петроглиф – дегеніміздің өзі гректің «тас» және «кесу» деген сөздерінен алынғандығын білеміз. Демек, ертеде салынған алғашқы суреттер тастардың беттерін тырналау және таспен кесу арқылы жасалды. Сол тастарға ойылып саплынған бейнелерге мән беріп қарасақ, әрбір өрнектеліп салынған бейнелер бүгінгі күнгі жас баланың салған суреттерінің «шынайы бейнесін» беретін тәрізді болып көрінеді. Бірақ, оны тасқа ешқандай құралсыз, тек таспен ойып салудың қаншама еңбек екендігін, сонымен қатар, олардың қашап салып кеткен әрбір бейнесі сол «ескі кезеңді» - келесі «жаңа ұрпақ өмірімен» жалғастыруда өте құнды материалдар екендігі күннен-күнге дәлелдене түсуде. Атап айтар болсақ, «Тамғалы» – петроглиф тас кешені (1-сурет), Алматы облысы аймағында табылған Жетісудің ең көне ескерткіштерінің бірі болып табылады, Бұл Тамғалы – петроглифтері өзінің сұлулығымен қазақ жерінің үлкен кеңістігінде ежелгі адамдардың әлемді танып-білуіндегі ең маңызды құндылықтардың бірі.

### **Негізгі бөлім**

Тамғалы – шатқалының тастағы суреттер галереясын алғаш рет 1957 жылы Қазақстанның тұңғыш археологы А.Г.Максимованың жетекшілігімен Қазақ КСР Ғылым академиясы Тарих және археология институтының Оңтүстік – Қазақстан археологиялық экспедициясындағы Жетісу отряды ашқан. «Петроглифтер» кездейсоқта ашылғанымен, оның құндылығының мықтылығын 2004-жылдан бері Қазақстандағы ЮНЕСКО Әлемдік мұралар нысандары тізіміне енгендігінен байқауға болады.



Сурет 1 – Тамғалы петроглиф тас кешенінің көрінісі

Тамғалы шатқалы Алматы облысының Шу-Іле тауларының оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Петроглифтер мерзімі – б.з.д. XIV ғасыр мен VI, VIII – ғасырлар аралығын, дәлірек айтсақ, қола дәуірінен бастап түркі халықтарының Ұла даланы жаулап алғанға дейінгі мерзімін толық қамтиды [3].

Тарихымызды жалғастыра түсер болсақ, Сақ дәуірінен жеткен бейнелеу өнерінің бай мұрасы ретінде, Есік қорғанынан табылған сақ өнерінің кешеніндегі (б.з.д. V-IV, III – IV ғасырлар) бүгінге дейін сақталып жеткен ең бірінші табылған «Алтын адам» - жөнінде айта кеткенді жөн көрдік. Есік қорғанынан табылған «Алтын адам» – жөнінде айтар болсақ, ол Сақ тайпасының жас көсемінің зиратынан табылған. Оның киім кию үлгісі, жерлеу рәсімі «Алтын адамның» - Жетісу жерін мекендеген сақтардың көрнекті елбасшысының ұлы немесе жас көсем, әскербасы екендігін көрсеткен. Бұл жерде, «Алтын адам» көне дәуірдегі сақтарда мәдениеттің, өнердің және мемлекеттік өркениеттің ертеден қалыптасқандығын дәлелдейді. Сонымен қатар, «Алтын адам» Қазақстанның азаттық символына айналып, оның төбе бөркіндегі қанатты тұлпарлар бейнесі Елтаңбамызға енгізілген [4]. Оның тағы да бір құнды жәдігер екендігі, көне заман мен жаңа заман ортасын қосқан «көпір» ретінде сипатталуы болып табылады.

Қазақстанның *орта ғасырлардағы* өнеріне келер болсақ, олар да өзіндік өрнегімен ерекшеленеді. Балбал тастар мен құлыптастар да осы кезеңнің туындылары. Сонымен қатар, орта ғасырларда: *зергерлік өнер, тері илеу, қыш құю мен сурет өнері* қоса дамыды. Қазақ халқының көркемдік ойлау жүйесі мен бейнелеу тілінің байлығы ою-өрнек өнерінде, белгі, таңба жүйесінде айқын ізін қалдырған. Адам мен табиғатты тұтас бірлікте қарастыратын қазақтың дәстүрлі дүниетанымы мен өнері киіз үйдің құрылысынан өз көрінісін тапқан.

XVIII – XIX ғасырлар мен XX ғасырдың басында қазақ халқының дәстүрлі өмір салтын Еуропа және орыс суретшілері өз туындыларында (Т. Аткинсон, Б. Залесский, А. Горонович, В. Штернберг, Т. Шевченко, П. Кузнецов, Г. Хлудов) қызығушылықпен бейнеледі. Қазақтың дарынды ұлдарының бірі Ш. Уәлихановтың суреттері 19 ғасырдың екінші жартысындағы графикалық туындылардың Қазақстандағы алғашқы құнды үлгілері болып саналады [5].

XX ғасырдың басында Қазақстанда кәсіби кескіндеме, мүсін, графика жанрлары қалыптаса бастады. Оның негізін қалаушылар – Ә.Қастеев, Ә.Ысмайылов, Х.Наурызбаев, т.б. ұлттық кәсіби бейнелеу өнері алғаш еуропалық көркемдік дәстүр арнасында дамығанмен, кейіннен ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық дәстүр негізінде өзіндік стильмен даралана бастады. Айқын ұлттық қолтаңбасымен көрінген С.Мәмбеев, М.Кенбаев, Қ.Телжанов, С.Айтбаев, Т.Тоғысбаев, Ш.Сариев сияқты дарынды көркем өнер шеберлерінің үлкен шоғыры қалыптасты. Халық өмірінің барлық қырын қамтыған қазақ бейнелеу өнері – қазіргі таңда ірі өнер саласына айналған деуге негіз бар. XX ғасырдың соңы ұлттық таным, төл тарих пен мәдениет тарапындағы ізденістер қарқынды дамып, қазақ өнерінің жетіліп, ұлттық көркем бағыттар, түрлі ағымдар, даралық стильдер

туғанкезең болды. Бұл бағытта Е.Мергенов, Е. Төлепбай, А. Ақанаев, А. Сыдыхан, Т.Маданов, А. Есенбаев, А. Есдулетов, т.б. жемісті еңбек етті.

Қазақстанда бейнелеу өнерінің кәсіпқой шеберлерін даярлайтын студия 1920 жылы ұйымдастырылды. Ал, 1920 – 1930 жылдары қазақ бейнелеу өнері бойынша жас суретшілер кескіндеме мен графиканың кәсіптік шеберлігін меңгерді. Олар: Н.И. Крутильников, Ә.Қастеев, Ә.Ысмайылов, И.И. Савельев, Б.Сәрсенбаев, Қ.Қожықов, т.б. өздерінің алғашқы туындыларында елімізде болып жатқан өзекті өзгерістерді бейнеледі [6].

1928 жылы Семейде бейнелеу өнері шығармаларының алғашқы көрмесі ұйымдастырылды. Қазақстанда алғаш рет 1933 жылы республика Суретшілер одағының ұйымдастыру комитеті құрылды. 1934 жылы Мәскеудегі Шығыс мәдениетінің мемлекеттік мұражайында қазақ суретшілерінің тұңғыш көрмесі ұйымдастырылып, бір жыл өткен соң Алматыда Қазақ мемлекеттік көркемсурет галереясы ашылды.

1940 жылы маусымда ашылған Қазақстан суретшілерінің I-съезі шығармашылық ұжымның біраз жылғы жұмыстарын қорытындылап, ұлттық өнерді одан әрі дамытудың жолдарын белгілеп берді. Сонымен қатар, осы кезеңде қазақ кескіндемесі мен графикасы едәуір табыстарға жетті.

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында республика қыл қалам шеберлері өз өнерлерін фашист-басқыншыларына қарсы үгіт-насихат құралына айналдырып, бүкіл халықтық ерлікті, қаһармандық пен қайсарлықты көрсетуге күш салды. Бұл жылдары Леонтьев, К.Я. Баранов, Риттих, А.И. Черкасский, И.Я. Иткинд, М.С. Лизогуб, т.б. табысты еңбек етті [7]. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдарда Қазақстан бейнелеу өнерінің барлық түрі: кескіндеме, мүсіндеме, графика ілгері дамыды.

Қазақ және өзбек халықтарына ортақ суреткер – қазақ табиғатын тамсана жазған, алғашқы академик-суретші О.Н. Таңсықбаев Қазақ бейнелеу өнерінде ерекше орын алады. Ол елден жырақ жүрсе де бар болмысымен, жүрегімен өзін әрқашанда елімен, жерімен бірге сезінген, қазақ табиғатын ерекше бір сүйіспеншілікпен жазған суретшінің бірі болды (“Қазақстан жолдары”, “Көш”, т.б.).

1950-жылдардың соңында Қ.Телжанов, М.Кенбаевтар Қазақ бейнелеу өнерінде жанрлық және ізденіс бағыттарының санылығымен ерекшеленеді.

1960-жылдары акварельдің, офорттың, линогравюраның, автолитографияның өзіндік бағыттары бар дарынды шеберлері А.А. Дячкин, Е.Г. Сидоркин, Н.С. Гаев, Ш.Б.Кенжебаев, И.Г. Квачко, т.б. өсіп жетілді.

Жалпы М.Аманжолов, К.Муллашев, Е.Төлепбаев, т.б. көркем шығармаларынан романтикалық-символдық және сезімдік бастаулар көрініс тапты. Бұл суретшілердің шығармалары күрделі түсімен, шиыршықталған бояуымен, кеңістік ортасымен, бейнелердің әсемдігімен және сырлылығымен ерекше көзге түсті.

1970 – 1990-жылдар шығармаларында өзіндік қолтаңбасы айқын графиктер қатары көбейді. Қазақстан бейнелеу өнері тың ізденістермен, еуропалық жаңа сипаттағы ағымдардың әдіснамасын меңгеруімен ерекшеленеді (А.А. Ақанаев, Е.Мергенов, Д.Әлиев, Е.Төлепбаев, Б.Түлкиев, Ж.Аралбаев, т.б.). Одан беріде күнделікті қарапайым қазақ өмірін, белгілі тарихи кезеңдерді жаңаша сипат беріп, ерекше тәсілмен бейнелей білген суретшілер бой көтерді, атап айтар болсақ: М.Аманжолов, А.Нақысбеков, К.Каметов, Е.Сергебаев, А.Қорғанбаев, Т.Ордабеков, А.Дүзелханов, т.б.. Елімізге қасірет әкелген, көп жылдар бойы жабық тақырып болып келген Семей атом полигонының, Аралдың қасіретті ащы шындығы бейнелеген өнер майталмандары Ақанаев, М.Аманжолов, А.Губашев, Ә.Төлебиев және т.б. [8,9].

Бейнелеу өнері жөнінде қысқаша тоқталып өтер болсақ: бейнелеу өнерінің жекелеген түрлерін және олардың бір-бірінен ерекшеліктерін білу, ажырату адамзатты ертеден бері толғандырып келді. Бейнелеу өнері – дүниені көзбен көріп түйсіну негізінде бейнелейтін пластикалық өнердің бір саласы. Бейнелеу өнерінің негізіне кескіндеме, мүсін, графика жатады. Бейнелеу өнерінің белгілері сәулет өнері, безендіру және қолданбалы өнерде көрініс табуы тиіс. Сондықтан шартты түрде оларды да бейнелеу өнері қатарына жатқызамыз.

Сондай-ақ, театр, кино, теледидарға безендіруді, көркем дизайнды да бейнелеу өнері ретінде таниды. Бұл өнердің де негізінде адам, табиғат және заттық әлемді тұтастықта, бірлікте қарастыру жатыр. *Бейнелеу өнері* дүниені байқау, бақылау, көру нәтижесінде оның көркем бейнесін жасайды. Әр ғасыр, дәуір, кезеңде пайда болды.

Бейнелеу өнерінің туындылары өзіндік бейнелеу жүйесі мен көркемдік үндесудің түрлі типтерін құрайды. Бұл өнер танымдық, құндылық, қарым-қатынастық қызметімен және кеңістіктік ауқымымен ерекшеленеді. Суретші өз көзімен көріп, түйсінген шындығын сол сәттегі қалпымен көрсетуге ұмтылады. Бейнелеу өнерінің әр жанры қоршаған әлемнің бейнесін түрліше береді: кескіндеме түрлі түсті бояуды, графика түрі сызықтардың қиылысуын, көлеңке мен жарықтың астасуын, мүсін пластикалық үш өлшемдікті пайдаланады. Бейнелеу өнерінің тарихи даму үрдісі барысында қалыптасқан портрет, пейзаж, натюрморт сияқты жанрлар бір-бірімен ортақ болып келеді [10].

Ендігі жерде жоғарыда келтірілген зерттеулерді негізге ала отырып, осы сурет өнеріне өзіміздің қосып жатқан үлесімізді көрсетіп кетуді жөн көрдік.

Көркем сурет өнері бойынша Мөлдірдің «ӨNER art school» – мектебімізде жас таланттарды сурет өнеріне тарта отырып, өзі де жеке шығармашылық өнерін ұштастыруда. Өйткені, маман оқытушы өзін заманауий біліммен шыңдап отырмаса, келешекте оқушыларға несібін бермек?.., Сөзіміз дәлелді болу үшін, практика жүзінде жасап жатқан сурет өнері бойынша «*Ғажайып табиғат – Аруы*» және «*Сырлас және мұңдас – екі әйел бейнесі*» – тақырыптарында орындалған екі туындыларды осы мақалада жариялағанды дұрыс көрдік. Алдымен, «*Ғажайып табиғат – Аруы*» туындысына тоқталайық (2-сурет).



Сурет 2 – Ғажайып табиғат – Аруы

Жалпы алғанда, сурет өнерінде белгілі әрбір шығармашылық туындыны қандай да бір белгілі жүйеге келтіріп салмаса, онда оның ешқандай сапасы болмайтыны белгілі. Сол себепті, кез-келген бір шығармашылық туынды жасау үшін, алдымен оның алғашқы түп нұсқасының (эскизінің) бірнеше варианттарын дайындап алып, ең дұрысы осы деген ойымыздан шығатын вариантын таңдап аламыз. Мұндағы мақсатымыз – іштей ойлаған дүниеміздің, яғни салатын суретіміздің қажетті эскизін дайындау арқылы, біз жасалатын жұмысты алдын ала нақты түрде жоспарлап алғанымыз дұрыс болады. Эскиз әрқашан тек, қылқаламмен қара-ақ түсте салынады.

Эскиз жасап болған соң, оны кенепке немесе ватман қағазына түсіріп аламыз да кейін түрлі-түсті бояуларды пайдаланып картина салуға кірісеміз. Ол үшін өзімізге жұмыс барысында қолданылатын қажетті материалдарды және қажетті құрал-жабдықтарды дайындап аламыз, олар: А3 формат, қарындаштар ір түрлі типтегі, өшіргіш, бояу, қатты қағаз, желім, майлы бояулар гуаштар, акварельдер, қылқаламдар, су және оған пайдаланатын ыдыс, орындық және т.б. Сонымен қатар, сурет өнерінің негізі ретінде, «полотно» немесе ағашқа тартылған ватман қағазы алынады да әрі қарай өз ойымызды жүзеге асыру жоспарын орындай бастаймыз.

Автордың «Ғажайып табиғат – Аруы» -тақырыбындағы туындысында бойжеткен жас ару, әсем табиғат аясында қазақтың аңға шабатын ерке құстарының бірегейі «Бүркіт» -тен сүйген жігітінен жақсылық хабар күткен кейпінде бейнелеп көрсетілген.

Ал, «Сырлас және мұңдас – екі әйел бейнесі» тақырыбында орындалған келесі туынды «Стильденген кескіндік-бейне» түрінде жасалды (3-сурет).



Сурет 3 – Сырлас және мұңдас – екі әйел бейнесі

Жоғарыда берілген «Сырлас және мұңдас – екі әйел» бейнесі басқа шығармашылық жұмыстармен салыстырғанда басқаша техникамен жасалды. Мұнда стильдеп кескіндеу әдісі түрінде жасалды. Аталған тақырыпта орындалған суретте не бейнеленгендігін кез-келген адам жылдам көре алмайды, бұл картинада не бейнеленген әрбір адам өзінше елестету арқылы әр түрлі бейнелер шығарып ала алуы қажет. Осындай түрде жасалған бейненің негізгі ұстанымдары *стильдеу* әдістеріне негізделген. Суретші бір ұстаздың шығармашылық тұрғыда салған әрбір туындысының кей жағдайларда әр түрлі стильде болып шығуы, сол туындыны салу барысында автордың көңіл күйінің қандай жағдайда болуына тікелей байланысты болып келеді.

### Талдау және нәтижелер

Кескіндемелік бейнелеудегі «ашық түстер» бір жақсылықтың нышанын алып келеді деп болжауға болады.

Автор, өзінше жаңаша өмір сүруге бет бұрғысы келетін адамдар бейнесін көрсеткісі келгенін – суретші ұстаз стильдеудің осындай әдістемесін қолдану арқылы беруге тырысқан – деген тұжырым жасауымызға болады.

Жоғарыда ұсынып отырған екі түрлі техниканы қолданып салынған екі бейнелік картинамыздың әрқайсысы өзіндік «колоритпен» немесе түрлі-түсті бояулармен салынды.

Екі сурет бір-бірінен ұқсамайтындығымен ерекшеленеді. Біреуінде жауыннан кейінгі – калорит болса, екіншісінде түрлі-түсті бояуларды шашу арқылы салынып жатқан бейнелер сол кездің атмосферасын береді. Біз ұсынып отырған екі тақырыпта салған суреттердің түрліше болып шығуы ол суретшінің шеберлік қасиетінің шындалғанын көрсетеді.

Жоғарыда келтірілген бейнелеу өнеріне арналған туындылар өзіндік бейнелеу жүйесі мен көркемдік үйлесудің түрліше типтерін құрағандығын көруге болады. Суретші, өз көзімен көріп, түйсінген шындығын сол бір сәттегі қалпымен көрсетуге ұмтылғандығын байқауға болады. Сонымен қатар, автор, өмірдегі болып жатқан құбылыстарды типтік жағынан таңдап алып, заманның, табиғаттағы тыныс-тіршілігін жан-жақты көркемдеп беруге тырысқан.

**Қорытынды**

Қорытындылай келе, зерттеу жұмысымызда жоғарыда аталған тақырып бойынша жұмыс жасау барысында, біз өзіміздің жинақтаған тәжірибемізді саралай отырып, елімізде сурет өнерін білімгерлерге әрбір қадам бойынша үйрету технологиясына көп көңіл бөлудің қажет екендігіне көз жеткіздік – деген тұжырым жасадық.

Келешекте, сурет өнерінің қыр-сырларын еліміздегі дарынды балаларға үйрете отырып, қазақ өнерінің болашағын әлемдік деңгейге көтеруге өз үлесімізді қосуға ат салысамыз деген үміттеміз.

**ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Даму Бала.kz
2. <https://damubala.kz/news-list/28>
3. <https://qazaqstan3d.kz/kz/place/view?id=262>. Қазақстан Республикасы Мәдени саясат пен өнертану институтымен ұсынылған
4. <https://tengrinews.kz/science/elmzde-kansha-altyin-adam-tabylgan-382659/>
5. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор А.Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ж.
6. Бейнелеу өнері тарихы. Оқулық. Самуратова Т.К. 2013 ж. – 248 б.
7. Көркем еңбек: Р. С. Алимсаева, И. А. Развенкова, Н. А. Якупова, О.С.Лосенко, Е. Е. Велкер 2017ж. – 108 б.
8. Қазақ мәдениеті.Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖСС, 2005 ж.
9. <https://daryn.online/lesson/54743-бейнелеу-өнеріндегі-көркем-құралдары-классикалық-өнердің-үздік-туындылары-қазақ>
10. <https://stud.kz/referat/show/109350>.

**REFERENCES:**

1. DamuBala.kz
2. <https://damubala.kz/news-list/28>
3. <https://qazaqstan3d.kz/kz/place/view?id=262>. Qazaqstan Respublikasy Mädeni saiasat pen önerтанu institutymen ұsynylған.
4. <https://tengrinews.kz/science/elmzde-kansha-altyin-adam-tabylgan-382659/>
5. «Qazaqstan»: Ұltyq ensklopedia / Bas redaktor Ä. Nysanbaev – Almaty «Qazaq ensiklopediasy» Bas redaksiyası, 1998 j.
6. Beineleu öneri tarihy. Oqulyq. Samūratova T.K. 2013 j. – 248 b.
7. Kōrkem eñbek: R. Ş. Alimsaeva, İ. A. Razvenkova, N. A. İakupova, O. S. Losenko, E. E. Velker 2017j. – 108 b.
8. Qazaq mädenietı. Ensiklopedialyq anyqtamalyq. Almaty: “Aruna Ltd.” JŞS, 2005 j.
9. <https://daryn.online/lesson/54743-beyneleu-onerindegi-korkem-quraldary-klasykalyq-onerdinh-uzdik-tuyndylary-qazaq>
10. <https://stud.kz/referat/show/109350>.

## **ОСНОВНЫЕ ПРИНЦИПЫ ФОРМИРОВАНИЯ ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОГО ИСКУССТВА И МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ В СОВРЕМЕННОМ КОНТЕКСТЕ**

*Байгожанова М.А.*

*Казахский национальный университет искусств,» Шабьт", ПЦК,*

*Республика Казахстан, г. Астана*

*\*e-mail: mo87-04@mail.ru*

*Целью, идеями и основными направлениями исследования являются развитие искусства «живописи», являющегося одной из наиболее актуальных проблем в стране, и использование возникших идей в направлении жизни и быта художников. искусство*



«живописи» в живописи маслом, «Чудесная природа – Красота», «Сырлас и Мунгдус – образ двух женщин» в живописи маслом. - помимо создания работ по темам, формулирование результатов работ по этим темам.

Научная и практическая значимость исследования заключается в том, что молодым художникам дается информация о том, как они соединяются с будущим, ориентируясь на историю развития искусства.

Методика исследования – статья теоретически обоснована, сделаны выводы о тонкостях рисования и способах обучения ему молодежи.

На основе основных результатов и выводов исследовательской работы в целом был создан целостный образ работы, построенный по двум темам.

Суть проведенного исследования заключается в том, что для художников каждая работа является новинкой сама по себе, и выставляя эту новинку на выставках, которые ценятся в зарубежных странах и в нашей стране, она дает молодым людям новые идеи и создает возможность заниматься творчеством.

Практическая значимость исследования заключается в том, что мы представляем наши произведения, которые способствуют развитию художников мирового уровня, способствующих культурному развитию нашей страны.

**Ключевые слова:** живопись, масляная живопись, графика, эскиз, техника исполнения.

## NEW PRINCIPLES OF FORMATION OF FINE ARTS AND TEACHING METHODS IN A MODERN CONTEXT

*Baygozhanova M.A.*

*Kazakh National University of Arts, "Shabyt", PCC, Republic of Kazakhstan, Astana  
\*e-mail: mo87-04@mail.ru*

*Annotation. The purpose, ideas and main directions of the research are the development of the art of "painting", which is one of the most urgent problems in the country, and using the ideas that have arisen in the direction of the life and life of the art of "painting" in oil painting, "Wonderful nature - Beauty", "Syrilas and Mungdus - the image of two women" in oil painting. - in addition to creating works on the topics, formulating the results of works on these topics.*

*The scientific and practical significance of the study is that young artists are given information on how to connect with the future, focusing on the history of the development of art.*

*Research methodology - the article is theoretically justified, conclusions are drawn on the intricacies of drawing and ways of teaching it to young people.*

*Based on the main results and conclusions of the research work, in general, a complete image of the work built on two topics was created.*

*The essence of the conducted research is that for artists, each work is a novelty in its own right, and by putting this novelty in exhibitions that are appreciated in foreign countries and in our country, it gives young people new ideas and creates an opportunity to engage in creativity.*

*The practical significance of the research is that we present our works, which contribute to the development of world-class artists who contribute to the cultural development of our country.*

**Keywords:** *painting, oil painting, graphics, sketching, performance techniques.*